

Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялар беру тәртібі туралы Ереже

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 1998 жылғы 21 қаңтардағы N 19. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 450. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 14 наурыздағы N 31 бұйрығымен.

Ескерту. Ереженің атауы өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 V001280_ бұйрығымен.

1. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялар беру тәртібі туралы ереже (әрі қарай - Ереже) адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиялар (әрі қарай - адвокаттың лицензиясы) беру тәртібін, шарттары мен мерзімдерін белгілейді. <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 V001280_ бұйрығымен.

2. 1997 жылғы 5 желтоқсандағы "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 сәуірдегі өзгертулері мен толықтырулары бар 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1127 P951127_ қаулысымен бекітілген Жеке қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төлеу тәртібі туралы ереже Ереженің құқықтық негізі болып табылады.

3. Адвокаттарға (әрі қарай - Лицензиат) лицензияларды беруді Біліктілік әділет алқасы ұсынымының негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

4. Адвокаттың лицензиясы жоғары заңгерлік білімі, заңгерлік мамандық бойынша кемінде екі жыл стажы бар, Біліктілік әділет алқасында біліктілік емтиханын тапсырған, адвокаттық қызметпен айналысуды қалаған және лицензиялық алым төлеген Қазақстан Республикасының азаматына беріледі.

5. Лицензиат Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде бір жолғы лицензиялық алым енгізеді. <*>

Лицензиялық алым біліктілік емтиханын жақсы тапсыру жағдайында лицензия алғанға дейін енгізіледі.

Лицензиар төленген алым сомаларының бюджетке аударылу дұрыстығы,

толықтығы және уақытында жасалуы үшін жауап береді.

Ескерту. 5-тармақ толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 1999.02.24.
N 17

V990703_

бұйрығымен.

Ескерту. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1999.07.09.
N 396

V990841_

бұйрығымен.

6. Біліктілік емтиханын тапсыруға жіберу туралы өтініш сонымен бірге лицензия беру туралы өтініш болып табылады.

Өтінішке:

1) біліктілік емтиханын тапсыру нәтижелері және ұсыным беру туралы Әділет біліктілік алқасының шешімі;

2) лицензиялық алым төлеу туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі қоса беріледі.

<*>

Ескерту. 6-тармақ екінші абзацы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

7. Біліктілік емтиханын тапсыру нәтижелері бойынша он күн аралығында Лицензиар:

- адвокаттың лицензиясын беру туралы;

- адвокаттың лицензиясын беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

8. Лицензияның лицензия беру туралы шешімі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы түрінде ресімделеді.

9. Лицензия беруден, егер адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алым берілмеген жағдайда, бас тартылады.

<*>

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

10.

<*>

Ескерту. 10-тармақ алынып тасталынды - ҚР Әділет министрлігінің
2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

11. Лицензия беруден бас тарту кезінде өтініш иесіне лицензия беру үшін белгіленген мерзімде дәлелденген жазбаша түрде жауап беріледі.

Бас тарту туралы шешім сот тәртібімен шағымдана алады.

<*>

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет
министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

12.

<*>

13.

<*>

Ескерту. 12, 13-тармақтар алынып тасталынды - ҚР Әділет
министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

14. Адвокаттың лицензиясы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша беріледі және Лицензиар жүргізетін Адвокаттар лицензияларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

15. Лицензияны жоғалту кезінде Лицензиатқа ол жайлы өтініш беру

күнінен бастап 10 күн ішінде оның дубликаты беріледі.

Мұнда Лицензиат осы Ереженің 5-тармағында көзделген мөлшерде лицензияны қайта беру үшін лицензиялық алым алады.

<*>

Ескерту. 15-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің
2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

16. Адвокаттың лицензиясын алған және адвокаттық қызметпен айналысуды қалған адам өз таңдауы бойынша адвокаттар алқасының мүшелігіне кіруге және 1997 жылғы 5 желтоқсандағы "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен реттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіби негізде заңгерлік көмек көрсетуге міндетті.

17. Лицензия басты, тұрақты болып табылады және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.